Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2023

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# «Алтын адам» археологиялық олжасы. Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды?

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 15.02.2023 | https://bilimger.kz/131936/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Пәні: | Қазақстан тарихы | | | |
| Бөлім: | 5.2.Сақтар | | | |
| Педагогтің тегі-аты: | Жамантаев Максат Калжанович | | | |
| Күні: | | | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «**Алтын адам» археологиялық олжасы**.<br>Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын  адам» кім болды? | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың  археологиялық жаңалықтарын білу<br>5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау | | | |
| Тарихи ойлау дағдысы<br>Тарихи концепт | Тарихи дерекөздерді түсіндіру<br>Дәлел | | | |
| Сабақтың  мақсаты | Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарының негізіндегі мәліметтермен танысу, маңыздылығын түсіну; | | | |
| Бағалау критерийлері | Ø  *Сақ тайпаларының мекендеген жерлерін картадан көрсете алады;*<br>Ø  *Сақтар туралы жазған авторлардың пікірін сипаттайды;*<br>Ø  *Сақ тайпаларының қоныстануы туралы дереккөздердің ерекшеліктерін анықтайды.* | | | |
| Құндылықтарға баулу | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне, ынтымақтастыққа баулу | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдас-тыру<br>1 мин<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br>5 мин<br><br>Жаңа білім<br>5 мин<br><br>9 мин | Оқушылармен сәлемдесу,түгелдеу;<br>**«Миға шабуыл»** әдісі арқылы сақ тайпалары туралы жетелеуші сұрақтар:<br>**1)** Б.з.б I мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпа? **Сақтар**<br>**2)** Сақтар туралы грек және латын тіліндегі деректерді қалдырғандар:**Геродот,Страбон.**<br>**3)**Парсы жазбаларындағы «сақ»сөзінің мағынасы:**Құдіретті еркектер.**<br>**4)**Иран жазбаларындағы «сақ»сөзінің мағынасы:**Жүйрік атты турлар.**<br>**5)**Ежелгі грек авторларының сақтарды атауы:**Азиялық скифтер.**<br>**6)**Сақтарды «массагет»деп атаған грек авторы: **Геродот**<br>**7)**Қазақстан жеріндегі сақ тайпалары туралы жазған: **Парсылар**<br>***8)****Сақ әйелдері туралы кімнің дерегінде айтылған?*<br>***грек авторы Ктесий***<br>***9)*****Тарихымызда ел қорғаған батыр, ел билеген патша қыздар көп болған. Зарина патшайым**<br>**10)Жетісу өңірінде қоныстанған сақтар:Шошақ бөрік киетін тиграхауда сақтары**<br>**11)Арал маңын мекендеген сақтар:Теңіздің арғы бетіндегі парадарайа сақтары**<br>**12)Мұрғаб аңғарында өмір сүрген хаома сусынын дайындайтын сақтар:Сақ хауомаварга**<br>***13****)Сақ әйелдері туралы кімнің дерегінде айтылған?****Ктесий***<br><br>***Оқушыларға Есік қорғанынан табылған «Алтын Адам» суреті көрсетіледі.***<br><br>**Жәдігерлер**<br><br>1. Суреттен не көріп тұрсыздар?<br>2. Қандай ерекшелік байқадыңыздар?<br>Тақырыпты болжап көріңіз... Ол бүкіл әлемге танымал және бүкіл дүние жүзінде жалғыз. Бұл адам **б.з.д. IV – III** ғасырларда өмір сүрген, бай отбасынан шыққан. Бас киімі мен аяқ киімі де алтыннан жасалған. Балалар бұл адам кім?<br><br>***Алтын Адам құпиясы.Бейнебаян***<br>Видео көру барысында оқушылардың келесі сұрақтар төңірегінде ойланууларын қамтамасыз ету.<br>— «Алтын киімді» адам кай жерден табылды?<br>— «Алтын киімді» адамды тапқан белгілі ғалым-археолог кім?<br>— ***“Алтын киімді адам”зерттеушілердің пікірі бойынша қай дәуірге жатады?***<br>— Сақ жауынгері мүрдесі басы кай жакка каратылып жерленген?<br>— Қабірдің қай бөлігінен ыдыстар, зергерлік бұйымдар табылды<br>— Қабірден табылған қолөнер заттары қандай стильде бейнеленген?<br>Оқушылар тақырыпты анықтап болғаннан кейін келесі қадам сабақ мақсатымен танысу.<br><br>Н. Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласы<br>*Екі үлкен бөліктен тұратын мақаланың алғашқы «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» деген бөлімінде қазақ археологиясының әлемдік зор табысы – Алтын адам «біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық» екенін және оның* ***«қазақстандық Тутанхамон»*** *деген атқа ие болғанын жазады.*<br>**Есік қорымы (б.з.д. IV – III ғғ.)**<br>Алматы қаласының шығысында 50 км. жерде, Іле Алатауы баурайында 40-тан астам обадан тұрады.<br>**Есік обасының** диаметрі- **60 м**, биіктігі- **6м**:<br>***• Есік қорымы (б.з.б. IV – III ғғ.)***<br>***Жалпы әшекей бұйымдардың саны 4000-нан астам. Олар алтын киім-кешек, жүзік, алқа, белбеу және қару-жарақ. «Аңдық стильде» өрнектелген ақинақ (қанжар), қыш ыдыстар, қола айна, қызыл бояуы бар сөмке бірге жерленген.***<br><br>*Ерекшесі* ***— 26 таңбадан*** *тұратын жазуы бар* ***күміс табақша*** *шықты. К. Ақышевтың пікірінше, бұл* ***сақтардың өзіндік жазуы*** *болғандығын дәлелдейді.*<br>***17-18 жастағы сақ ханзадасының*** *сүйек қаңқасы.* ***Мерекелік, салтанатты киім*** *кигізілген. Мәйіт* ***қарумен*** *жерленген.* ***«Алтын киімді адам»*** *деп аталды.*<br>*Археолог* ***К.А. Ақышев 1969 жылы*** *ашқан.* | Оқушылар өз ойларын ортаға салады, жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br><br>***Жәдігер-лер***<br><br>***Алтын Адам құпиясы. Бейнебаян***<br><br>***«қазақстандық Тутанха-мон»*** | **ҚБ** Мұға-лім оқушы-лар жауа-бын мұқият тыңдап кері байла-ныс беріп отыра-ды<br><br>«Ең үздік жауап»<br><br>«Ең үздік жауап» | Қазақстан тарихы оқулығы<br><br>Көрнекі-ліктер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br>6 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>3 мин<br><br><br><br><br>6 мин</td>
<td>

**1-тапсырма.**<br>**Тарихи сынақ хат:**<br>**Бос орындарға керекті сөздерді орналастыр.**<br>*Алтын киімді сақ жауынгерінің денесін ________ Жетісу жеріндегі Есік қорғанынан археолог _________________________тапты.*<br>*Зерттеушілердің пікірі бойынша «Алтын адам» ________ жатады.*<br>*Оның жасы ________**де**, бойы _______ деген болжам айтылды.*<br><br>***Жауаптары: К.Ақышев, 165 см,1969 жылы, б.з.б. IV – III ғғ,17-18-де***.<br>**2-тапсырма**<br>**Дұрыс жауапты сәйкестендіріңіз.**

<table>
<tr><td>1.Күн Құдайы-ең құдіретті құдай</td><td>.</td><td>А-Аңдық стиль дамыды</td></tr>
<tr><td>2.О дүниеде өмір бар деп сенді</td><td>.</td><td>В-Заттарын бірге жерлеу</td></tr>
<tr><td>3.Әлем ұғымы:аспан,жер,жер асты</td><td>.</td><td>С-Жылқыны құрбандыққа шалды</td></tr>
<tr><td>4.Патша Күн Құдайымен тең</td><td>.</td><td>Д-Алтын киіммен жерленді</td></tr>
<tr><td>5.Ата-баба аруақтарына сиынады</td><td>.</td><td>Е-Биік қорғандар тұрғызылды</td></tr>
<tr><td>6.Дүниенің төрт бұрышы ұғымы</td><td>.</td><td>Ғ-Алтын адам бас киімінде бейнеледі.</td></tr>
<tr><td>7.Сақтар аңдарға табынды</td><td>.</td><td>О-Патша билігі кеңістігі</td></tr>
</table>

***Жауаптары: 1Е,2В,3О,4Д,5С,6Ғ,7А***<br>***ЕББҚ оқушылар негізгі термин сөздерді мәтіннен анықтайды;***<br><br>**3- тапсырма. Сөйлем құра.**<br>**қорғанынан тапты.адамды К.Ақышев Алтын Есік археолог ұрыс.жауабы:**<br>*Алтын адамды Есік қорғанынан археолог К.Ақышев тапты*<br><br>***Алтын адам мұржайына саяхат*** *(тақырыпты пысықтау)*<br>Ал, қазақ халқының ежелгі бабалары болып келетін сақтардың, қазірге дейін табылған мұраларына қарағанда, олар да басқа халықтар секілді табиғаттың тылсым күштеріне – күнге, оның күркіреуіне, найзағайға, жел-дауылға табынған, осынау құбылыстар оларға Құдай бейнесі секілденіп көрінген. Сондай-ақ жерлеу материалдарына қарағанда, сақтарда ата-баба аруағына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған. Бұл ғұрыптардың шығуы өлген тумаларының мәңгі жасайтынына, өлгендер өзінің рулық қауымының салттары, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре беретін о дүние бар деген сенімге негізделген. Осыдан келіп өлген адаммен бірге оның беделі мен қауымдағы алатын орнына лайық мүліктің көмілуі, әрбір тайпаға тән сол қауымның жеріндегі зиратында атқарылатын күрделі жерлеу ғұрпы шыққан. Сондай-ақ таулы Алтай мен Қазақстан аумағындағы сақтар зираттарын ашып-қазу сақ қоғамының ерекше ақсүйек өкілдері үшін мәйіттерді бальзамдау мен мумиялау қолданылғанын көрсетеді.<br>**Дінтанушы, қари**,**ШохаевЕркінбекКерімбекұлы**<br><br>***Сұраққа – жауап айдары.***<br>**1.** Аң мен адам арасында қандай байланыс болуы мүмкін?<br>**2**.Табиғат құбылыстарына табыну қаншалықты сақ өмірінде орын алды?<br>**1.** Сол кездегі дүниетаным қазіргі кезде қалай көрініс табуда?<br>**2.** Отқа табыну – аластау;<br>***ЕББҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) диалог арқылы қосымша қолдау көрсету..***

</td>
<td>Тарихи сынақ хат.<br>Мәтінмен жұмыс<br>Дескрип-тор:<br>Мәтіннен негізгі идеяны анықтайды<br><br><br>Дұрыс жауапты сәйкестен-діріңіз<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сөйлем құра.<br><br><br><br><br>Алтын адам мұржайы-на саяхат<br><br><br><br><br><br>Сұраққа-жауап айдары</td>
<td><br><br><br><br><br><br><br>«Ең үздік жауап»</td>
<td>Ақпарат-тық мәтін<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ақпарат тық мәтін<br><br><br><br><br><br><br><br>Үлестір-мелі қағаздар</td>
</tr>
<tr>
<td>Бекіту<br>3 мин</td>
<td>Сабақты қорытындылау<br>Қазақстан аумағынан табылған «Алтын адамдар»:<br>1- «Алтын адам» (Есік қорғаны) 1969 жылы<br>· 2-«Алтын адам» (Аралтөбе қорғаны) 1999 жылы<br>· 3 -«Алтын адам» (Шілікті қорымы) 2003 жылы<br>· 4-«Алтын адам» (Талды -2 қорымы) 2010 жылы<br>· 5-«Алтын адам» (Сарайшық қорғаны)<br>· 6-«Алтын адам» ( Бесоба қорғаны)<br>· 7-«Алтын адам» (Тараз)<br>· 8-«Алтын адам» (Үржар ханшайымы)<br>· 9-«Алтын адам» (Тақсай ханшайымы).<br>Үйге тапсырма: Алтын адам</td>
<td>Сабақтың тақыры-бын қорытын-дылау</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс 2 мин | Жалғастырыңыз:<br>Маған ... қызықты болды<br>Бұл ... қиындық туғызды<br>Осы ... мені ойландырды | | | | | |
| | | | | | | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.